

# Ұлы Отан Соғысы

Орындаған: Байнекеев Әділет

Тексерген: Рысжан Жұмаева



## Ұлы Отан соғысы

Кеңес Одағының Ұлы Отан соғысы (1941—1945) — Кеңес Одағының нацистік Алманияға және оның еуропалық одақтастарына (Мажарстан, Италия, Румыния, Финландия, Словакия, Хорватия) қарсы жүргізген соғысы; Екінші Дүниежүзілік соғыстың ең маңызды және шешуші бөлігі.

### «Ұлы Отан соғысы» ұғымы

«Ұлы Отан соғысы» ұғымы 1941 жылғы шілденің 3-інде Сталиннің радио арқылы сөйлеген сөзінен кейін пайда болды. Сталин өз сөзінде «ұлы» және «отан» деген сөздерді бөлек-бөлек, бір-бірімен байланыстырмай қолданды. «Ұлы Отан соғысы» сөз тіркесі көптеген басқа тілдерде де қолданылады (орысша: Вели́кая Оте́чественная война, ағылшынша: Great Patriotic War, немісше: Großer Vaterländischer Krieg), кейбір авторлар «Екінші Дүниежүзілік соғыстың шығыс майданы» деген сөз тіркесін қолданады (бұл Германия қолданған «шығыс майдан» деген ұғымға жақын).

1941 жылы 22 маусымда Фашистік Германия соғыс жарияламастан жасалған келісімді бұзып, КСРО аумағына басып кірді. Ұлы Отан соғысы осылай басталды. Гитлерлік Германия осыған дейін Еуропаның көптеген мемлекеттерін басып алған болатын.

Фашистік Германияның негізгі мақсатының саяси және экономикалық астары болды. Герман империясы шикізат үшін, азық-түлік базасы ретінде қуыршақ мемлекет құруды көздеді.

Қуыршақ мемлекет жобасы фашистер жасаған «Барбаросса» жоспарында көрсетілді. Жоспар бойынша фашистер КСРО жерінде Остланд, Украина, Московия, Еділ-Орал, Түркістан сияқты рейх комиссариаттарын құруды көздеді. Жоспарда көрсетілген «Үлкен Түркістан» отарының құрамына Қазақстан, Татарстан, Башқұртстан, Орта Азия, Әзірбайжан, Кавказ, Қырым, Ауғанстан, Шыңжан кіргізілді.

Фашистер Кеңес адамдарын қырып-жою жолына осылай түсті.

Ал Кеңес адамдарының патриоттық сезімі, әрине, бұл жоспарға қарсы тұра білді. Қазақстан халқы Отан қорғаушылар қатарына өзі еркімен жаппай жазыла бастады.

Мысалы, Алматы медицина институтының студенті Мәншүк Мәметова: «Отбасымыздан майданға жіберетін ешкім жоқ, ағам да, апам да жоқ, сондықтан өзімді жіберуді өтінемін», - деп әскери комитетке өтініш берді.

Елімізде 2 млн-нан астам адам міндетті әскери даярлықтан өтті.

Майдандағы Қызыл Армия қатарына 1200000-ға жуық (1196164) қазақстандық аттанды.

- **Жиырма сегіз гвардияшы Панфиловшылар — [Ұлы Отан соғысы](#)** жылдарында [Мәскеуді](#) ерлікпен қорғаған қазақстандық жауынгерлер. 1941 ж. 15 қарашада [Германия](#) әскерлері 51 дивизиямен Мәскеуге екінші “негізгі шешуші шабуылды” бастады. Батыс [майдан](#) жауынгерлері ауыр ұрыстар жүргізді. Осы майданға кіретін 16-армияның құрамында Алматыда жасақталған [генерал-майор И.В. Панфилов](#) басқарған [316-атқыштар дивизиясы](#) (кейіннен 8-гвардиялық-панфиловшылар дивизиясы) Мәскеу түбіндегі [Волоколам](#) тас жолын қорғады. 16-қарашада жау Волоколам бағытында ұрысқа шығып, Дубосеково разъезіндегі 1075-атқыштар полкі 4-ротасының 2-взводы тұрған бекініс шебіне шабуыл жасады. Ротаның саяси жетекшісі [В.Г. Клочков](#) басқарған взвод жауынгерлері — барлығы 28 адам мылтықпен, жанармай құйылған шөлмектермен, гранаталармен қаруланып, жаудың 20 танкісімен 4 сағатқа созылған ұрыс жүргізді. Жаудың 14 танкісі қиратылып, панфиловшылар арасынан да бірнеше адам қаза тапты. Жау ұрысқа тағы 30 танк шығарды. Қазақстандық жауынгерлер соғыс тарихында сирек кездесетін ерлік жасап, жаудың болат құрсанған машиналарына төтеп берді. 28 панфиловшылардың 23-і қазаға ұшырады, бірақ жау танкілері олардың шебінен өте алмады. КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1942 ж. 21 шілдедегі Жарлығымен бұл жауынгерлердің барлығына [Кеңес Одағының Батыры](#) атағы берілді. Олар: [Николай Яковлевич Ананьев](#), [Григорий Михеевич Безродных](#), [Николай Никонорович Белашев](#), [Бондаренко Яков Александрович](#), [Васильев Илларион Романович](#), [Иван Евстафьевич Добробабин](#), [Дутов Петр Данилович](#), [Емцов Петр Кузьмич](#), [Нарсұтбай \(Нұрсұлтан\) Есболатов](#), [Калейников Дмитрий Митрофанович](#), [Клочков Василий Георгиевич](#), [Абрам Иванович Крючков](#), [Григорий Ефимович Конкин](#), [Қожабергенов Әлиаскар](#), [Әлікбай Қосаев](#), [Николай Гордеевич Максимов](#), [Гавриил Степанович Митин](#), [Митченко Никита Андреевич](#), [Иван Васильевич Москаленко](#), [Иван Моисеевич Натаров](#), [Григорий Алексеевич Петренко](#), [Мұсабек Сенгірбаев](#), [Дмитрий Фомич Тимофеев](#), [Николай Игнатьевич Трофимов](#), [Иван Демидович Шадрин](#), [Иван Алексеевич Шепетков](#), [Григорий Мелентьевич Шемякин](#), [Дүйшөнкул Шопоков](#). Батырлардың есімімен аталатын мектеп, ауыл, аудан, көше, парктер бар. Алматы қаласындағы 28 панфиловшы-гвардияшылар паркінде, Мәскеу түбіндегі Дубосеково разъезінде және батырлардың туған жерінде ескерткіштер орнатылып, мемориалдық мұражай ашылған.



- АҚТАУ. 9 мамыр. ҚазАқпарат - Отанын оттан қорғап, жеңіс деп жанын шүберекке түйген азаматтардың ерліктері еш ұмытылмақ емес.
- Қан майданның қаһарынан ықпай, намысты ту еткен батырларымыз соғыс жылдарынан кейін түрлі салаларда жұмыс атқарып, елдің дамуына тағы бір мәрте үлестерін қосты. Олардың арасында прокуратура қызметкерлерін де атап өтуге болады. Биылғы Ұлы Жеңістің 67 жылдығына орай олар туралы бір үзік әңгіме айту - оларға деген асқан құрметімізді білдіреді.
- 1943 жылдары Маңғышлақ облысы прокуратура органдарының қызметкерлері Бердіхан Екібаев, Александр Портнягин және Василий Колесников майданның ауыр жолдарымен өтті.
- Екібаев Бердіхан 1925 жылдың 10 мамырында Ақтөбе облысының Ойыл ауданында жұмысшы отбасында дүниеге келген. 1943 жылдың 19 мамырында Кеңес Армиясы қатарына шақырылып, сол кезде Сталинабад және Мичуринскіде орналасқан Орлов әскери-жаяу училищесінің курсанты болып қабылданды. Училищені 1944 жылдың желтоқсан айында кіші лейтенант әскери атағымен аяқтады. 1945 жылдың қаңтарында Орлов әскери округінің қарамағына жолданып, Бірінші Украина майданының бөлімше командирі болып 3-ші гвардиялық танк армиясының, 7-ші гвардиялық танк корпусының, 54-ші гвардиялық танк бригадасы құрамында Ұлы Отан соғысына қатысты. Соғыс біткен соң 1946 жылдың қарашасында запасқа шығарылды. Ауыр ұрыс жағдайларында жаулармен соғыса жүре Екібаев Бердіхан ержүректік, табандылық пен сирек кездесетін командирлік қабілеттерді көрсете білді. Ұрыс кезінде бірнеше рет жараланған. Шайқаста батырлық пен жігерлік көрсеткені үшін Б.Екібаев ІІ дәрежелі Отан соғысы орденімен, «Берлинді алғаны үшін», «Праганы азат еткені үшін», «1941-1945 жылдары Ұлы Отан соғысында Германияны жеңгені үшін» және басқа медальдармен наградталды. Бердіхан Екібаев соғыстан соң жоғары заңгерлік білім алды. 1954 және 1973 жылдары аралығында ол Красноводск, Шевченко (қазіргі Ақтау) және Жаңаөзен қалаларында сот органдарында қызмет атқарды.